




Наурыз мейрамы

Дайындалды: Сакеева Наргиза
Тексерді: Қарабаева Х. Ә.

- Наурыз мейрамы ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Наурыз мейрамы 22 наурыз күні аталып өтіледі. Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Халықтың баяғы түсінігі бойынша бұл түні даланы Қыдыр аралайлы.



Наурыз - жыл басы. Парсы тілінде "нау" - "жаңа", "руз" - "күн" деген ұғымдарды білдіреді. Халық наурыз мерекесіне алдын - ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Наурыз - достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген.

Дастарқанның басты асы наурызкөже болған. Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалған. "Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!" деген сенім бар.





Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнайды. "Көкпар", "Бәйге", "Қыз қуу", "Жамбы ату" ойындары аса бір қуанышпен өтетін.



Қыз қуу қыз бен жігіттің атқа мініп, бірін бірі қуатын ойын түрі. Ойынның шарты бойынша қыз бен жігіт атқа мінеді. Кейін атқа мінген қыз белгілі жерге дейін шауып қашу керек, ал жігіт оны қуып жетіп сүйуі керек. Қуып жете алмаса, қыз қамшымен жігітті қуып, оны қамшымен ұрады. Бұл ойын ғашықтардың сезімдерін білдіреді, немесе қыз бен жігітті таныстыру мақсатында істеледі.

Көкпар қазақтың ұлттық ойын бәсекесі. Адамдар аттың үстіне мініп ешкінің немесе қойдың терісін тартысады. Кейбірде өлі малдың басын кесіп, тартысады. Қазіргі кезде адамдар екі топқа бөлініп тартысады. Екі топ арнайы алаңға шығады. Алаңда екі шеңбер болады. Шеңбердің диаметрі 5-6 метрді құрайды. Топтардың мақсаты бір бірлерінің шеңберлеріне қойды тастау. Қай топ шеңберге көп рет қойды тастайды, сол ұтады

Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киіп бір–бірімен қол алысып, амандасып төс қағыстырып жақсы тілектер айтылады. Мерекеге арнап жеті түрлі дәннен наурыз көже дайындалады. Осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып арылады.



Наурыз – әлемдегі ең көне мейрамдардың бірі. Орта Азия елдері оны 5000 жылдан аса уақыт атап өтіп келеді. Наурыз мейрамы заманауи діндер мен көптеген мемлекеттер пайда болғанға дейін шамамен 5 мың жыл бұрын пайда болды

Наурыздың шығу тарихы белгісіз. Иран мифологиясына сәйкес, осы күні Тұран ханы Афрасиабтың қолынан қаза тапқан атақты Саяуыш батыр жер қойнына тапсырылған. Бұл аңыздың Авестада айтылғаны белгілі.

Назарларыңызға рахмет!